

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы орталығы"  
мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1245

"Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3465 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанынан Қазақ сот сараптамалары ғылыми-зерттеу институтының негізінде, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен 400 адам, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінен 5 адам, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен 4 адам, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінен 5 адам штаттарын беру есебінен "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Құрылып отырған мекемеге қатысты уәкілетті мемлекеттік басқару органы болып Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгіленсін.

3. Уәкілетті орган 1997 жылдың 15 тамызына дейін Мекеменің Жарғысын бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 15 тамызына дейін 1997 жылға арналған республикалық бюджет бойынша Қазақ сот сараптамалары ғылыми-зерттеу институтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік комитетінің сараптама-криминалистика бөлімшелерін қаржыландыруға көзделген бюджет қаржысын қайта бөлу туралы ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті әкімшілік-аумақтық бірлестіктердің әкімдерімен бірлесе отырып, бір ай мерзімде Мекемені және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерін нормативтерге сәйкес техникамен, көлікпен, байланыс құралдарымен және қызметтік үй - жайлармен қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі Мекемені белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізсін.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ